

БЕКІТЕМІН
ШЖҚ «№ 5 қалалық емхана»
МКК бас дәрігері
А. Табулдина
2014 ЖЫЛҒЫ « 8 »

ШЖҚ «№ 5 қалалық емхана» МКК этикалық кодексі.

Емхана міндеті – сапалы да тиімді медициналық көмек көрсету арқылы емделушілердің сеніміне ие болуға қол жеткізу.

1. Емделушілермен қарым қатынас

- 1.1. Емхананың ең алғашқы міндеті емделушілердің медициналық көмекпен қажеттілігін қанағаттандыру. Емхана ең жоғары мүмкіндік деңгейіндегі сапада медициналық көмек көрсетуге тырысуға міндетті.
- 1.2. Емхана қызметкерлері білікті қызмет көрсетуге және өздерін кәсіптік медициналық ұйым қызметкеріне лайық ұстауы қажет.
- 1.3. Емхана қызметкерлері емделушілердің алған медициналық көмектерінің сапасы мен санының барлық қанағатсыздық жағдайларын шешуге тырысады.

2. Қызметкерлердің өзара қатынасы

Емхана қызметкерлері міндетті:

- 2.1. Емхана қызметкерлерінің жоғары іскерлік беделін құруға және қолдауға мүмкіндік бере отырып кез келген контрагенттермен шарт міндеттерін қатаң сақтауға .
- 2.2. Өз емханасы қызметінің объективті құндылығына, бәсекелесуші тараптардың өзара құрметіне негіздей отырып, қызметкерлердің жалпы тәртіп ережесін сақтау, іс жүргізудің күмәнді әдістерінен бас тартып әділ бәсекелесуге.
- 2.3. Халық алдында жұмысшылар қызметіне баға бермеуге және ұйымның алдын ала келісімісіз кез келген қызметкер жұмысын бағалау бойынша сараптау рәсімдеріне қатыспауға.
- 2.4. Емхана басшысының (немесе емхана қызметкерінің) өтініші бойынша емханаға (немесе емхана қызметкеріне) олардың кәсіптік қызметіне қажетті ақпараттар ұсынуға.
- 2.5. Емхана қызметкері, сондай ақ басқада қала емдеу мекемелері туралы жалған ақпараттар таратуға рұқсат етілмейді.
- 2.6. Медициналық ұйымдар арасында егер ол әрекеттер емхананың базалық мүдделеріне қайшы келмесе бірлескен жобалар мен бірлескен қызметтер, кез келген конструктивті өзара қолдауға.
- 2.7. Емхананың басшы органдарының беделін мойындауға және құрметтеуге.
- 2.8. Емхана алдында өзіне алған міндеттерін орындауға.
- 2.9. Емхана қызметкерлері арасында құрмет, сенім, әдеп және мейірімділік қарым қатынасын жасауға.
- 2.10. Басшының алдын ала ескертуісіз қызметкерлердің басқа жұмысқа ауысуы туралы тікелей ұсыныстан бас тарту.

- 2.11. Емделушіге бірлескен немесе басқа ұйыммен байланысты бір уақытта ем жүргізу жағдайында жалпы қызметін бағалауға барынша сыпайы болуға.
- 2.12. Қызметкерлер арасында жосықсыз бәсеке жағдайы туралы хабарлауға.
- 2.13. Емхана шеңберінде қызметкерлер арасында даулы жағдайларды шешуге тырысуға міндетті.

3. Этикалық кодексті бұзу салдары

- 3.1. Этикалық кодекс нормаларын бұзу емхана қызметкерлерінің кезекті отырысының күн тәртібіне осы кодекстің нормаларын бұзу туралы мәселені қосу үшін негіз болып табылады.
- 3.2. Қызметкердің осы этикалық кодекс нормаларын бұзуы қызметкерге осы кодексті бұзатын әрекеттерді тоқтату бойынша талап ұсыну туралы шешім қабылдауға алып келеді.
- 3.3. Емделушілер емхана басшысына қызметкерлердің ықылассыз мінез құлықтарына шағымдануына және кепілді оперативті және объективті еленуге құқықты.
- 3.4. Емхана басшысы кәсіптік этика нормаларының бұзылуларының алдын алуға, сондай ақ осыған ұқсас бұзушылыққа алып келетін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған іс-шаралар жасауға міндетті.

4. Қорытынды бөлім

- 4.1. Қызметкерлер сөзсіз этикалық кодексті қабылдайды.
- 4.2. Қызметкерлер кәсіптік дәрігер ортасы және толығымен қоғам шеңберінде жоғарыда айтылған принциптар мен этикалық нормаларды насихаттауға міндетті.
- 4.3. Этикалық кодекске өзгерістер мен толықтырулар емхананың жалпы мәжілісі негізінде енгізіледі.

1. 1. Дәрігер және қоғам

1- бап

Дәрігердің кәсіптік қызметінің басты мақсаты ургенттік, жоспарлы және превентивті медициналық көмек көрсету арқылы адам өмірін сақтау және оның сапасын жақсарту

Дәрігер жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына саяси көзқарасына және басқа да медициналық емес факторларға сонымен қоса материалдық жағдайына қарамастан медициналық көмекті қажет еткен кез келген адамға көмектесуге міндетті. Жарлығы тегін көмек көрсету әдептілікке және әділдікке жатады.

Дәрігер заңды тәсілмен халық денсаулығын сақтау үшін, соның ішінде медицина, гигиена, экология және сөйлесу мәдениеті сұрақтары бойынша ағарту жұмыстарын іске асыра отырып, жағдай жасауы қажет.

Дәрігер өлім жазасы және азаптау кезінде қатынаспайды және араласпайды да. Дәрігер адамның адамгершілігін қорлау немесе намысына тию кез келген формасын назарсыз қалдырмауы, рұқсат етпеуі керек.

2- бап

Дәрігер қызметінің негізгі талабы – дәрігердің кәсіптік қызметі: оның арнаулы білімі және дәрігерлік өнері.

Дәрігер медициналық көмек сапасы алған білімінен жоғары болуы мүмкін еместігін ескере отырып, өз білімін тереңдету үшін белсенді әрекет етуі қажет.

Атап айтқанда өзіне деген жоғары талап қоюшылық, өз қателіктерін түсініп, оларды түзету қабылетін болжайтын гуманистік адамгершілік позициясымен қатар, кәсіптік міндет дәрігерге медициналық шешімді өздігінше қабылдауға құқық береді.

3 – бап.

Емделушіге дене күші, адамгершіліктік немесе материалдық залалды әдейі де, салғырттықпен де келтіруге рұқсат етілмейді. Осындай зиян келтіруші үшінші тұлғаның әрекетіне қатыссыз қарауы заңсыз.

4 - бап.

Дәрігер білімі мен ережесін үйлеспейтін дәрігерлік кәсіппен теріс пайдаланушылық.

Дәрігер құқықсыз:

- өзінің білімі мен мүмкіндігін адамгершіліксіз мақсатта;

–жеткілікті негізсіз медициналық шаралар қолдануға немесе одан бас тартуға;

– емделушіні жазалау, сондай ақ үшінші тұлға мүддесі мақсатында оған медициналық әсер ету әдістерін пайдалану.

Дәрігер пациентке өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарына мәжбүрлемеуі тиіс. Дәрігердің наным-сенімдері немесе басқадай кәсіби емес мүдделері диагностика мен емдеуге әсерін тигізбеуі қажет.

Психикалық аурулармен науқастанғандарды емдеу барысында дәрігер өзінің қызмет орнын пайдалана отырып олармен мүліктік мәміле жасауға, оның еңбегін жеке басының мүддесі үшін пайдалануға, жеке байланысты болуға, сондай ақ қорқытып үркіту немесе пара алуы заңсыз.

Дәрігер емделуші мен оның туысқандарынан алғыс алуға құқықты.

5- бап.

Дәрігер еркін болуы қажет.

Дәрігердің құқығы мен абыройы – өзінің кәсіптік еркіндігін сақтау.

Кез келген жеке және заңды тұлға дәрігердің этикалық принциптеріне, кәсіптік міндетіне немесе заңына қарама қайшылық келтіретін әрекеттер талап еткен жағдайда олармен байланыс жасаудан бас тартуы қажет.

Сараптама, консилиум, комиссия, кеңес беру, т.б. қатысқанда дәрігер өз ұстанымдарын ашық және нақты білдіруге, өз көзқарасын қорғауға, егер оған қысым көрсеткен жағдайда заңды және қоғамдық қорғауға жүгінуге міндетті.

6- бап.

Дәрігер көрсетілген медициналық көмек сапасына жауап береді.

Дәрігер өзі көрсетіп жатқан көмек сапасы ең жоғары деңгейде болуы үшін барынша тырысуға міндетті.

Дәрігермен көрсетілген медициналық қызметтің сапасын дәрігерлік ассоциациямен акредитациядан өткен әріптестері ғана бағалай алады.

7- бап.

Дәрігер емделушімен жұмыс жасаудан бас тартуға құқықты.

Дәрігер емделушімен жұмыс істеуді басқа маманға тапсырып, одан бас тартуы мүмкіндігі келесі жағдайларда қарастырылған:

- егер өз құзыреттілігіне сенімсіз болса, қажетті көмек көрсету үшін керек техникалық мүмкіндіктер болмаса;

- бұл медициналық көмек дәрігердің адамгершілік ұстанымдарына қайшы келсе;
- дәрігер пациент пен терапиялық қызметтестік құраалмаса.

2. Дәрігер және емделушінің құқығы

8- бап.

Жеке тұлғаның ерігі мен еркіндігі бойынша емделуші құқығы және дәрігер

Дәрігер емделушінің ары мен абыройын құрметтеуі қажет. Дәрігер тарапынан дәрекі және ізгіліксіз қарым қатынас, оның адамгершілігін кемсіту, сондай ақ емделушілердің біріне артықшылықпен, екіншісіне жақтырмай қарауға жол берілмейді.

Дәрігер емделушінің минималды еркіндігінде медициналық көмек көрсетуі, емделушінің мінез – құлқын бақылауды талап етуші медициналық көрсеткіштер бойынша медициналық қажеттілік шеңберінде қатаң шектеуге араласуы қажет.

Емделуші – қоғам, емделуші – отбасы, т.б. мүдделер дауы туындаған жағдайда, егер олардың жүзеге асыратыны емделушінің тікелей өзіне немесе айналасындағыларға зиян келтірмеген жағдайда, дәрігер ерекше ықыласты емделушіге көрсетуге міндетті.

9 – бап.

Дәрігер және өзінің жағдайы туралы адекватты ақпаратқа емделуші құқығы.

Өзара сенімділік және жауапкершілік негізінде емделуші дәрігердің терапевттік одақтасы болғанда, «терапевттік қызметтестікке» тырысып емделушімен қарым қатынас жасауы қажет. Емделуші үшін оптимистік және қолжетімді негізде оның денсаулық жағдайының мәселелерін талқылауы, медициналық әрекетінің жоспарын түсіндіруге, емдеу үшін маңызды зерттеулер әдісінің артықшылығы, кемшілігі мен бағасы туралы мүмкіндіктерді әсерлендірмей және асқыну мүмкіндігін жасырмай, объективтік ақпараттар беруі керек. Дәрігер орындалуы мүмкін емес жәйттарға уәде бермеуі және берілген уәдені орындауға міндетті.

10 – бап.

Қандай да бір басқа беделмен шектелмеген медициналық көмек алуға емделуші құқығы және дәрігер.

Медициналық көмек көрсету кезінде дәрігер тек емделушінің, өзінің мүддесімен және өзінің жеке тәжірибесімен басқаруы қажет.

Қазіргі замандағы медициналық стандарттарға қарама қайшы келмейтін және дәрігердің адекватты көзқарасымен кез келген дәрі дәрмектерді жазуға және кез келген ем тағайындауға дәрігер құқығы шектелмеу керек. Қандай да бір себептермен сол уақытта дәрігердің көзқарасымен қажетті дәрігер көмегі көрсетілмеген жағдайда дәрігер ол туралы науқасқа немесе оның туысқандарына хабарлауға және «терапевттік қызметтестік» жағдайында әрі қарай емдеу тактикасы туралы шешім қабылдайды.

Кәсіптік қиындықтар туындаған жағдайда дәрігер шұғыл көмекке жүгінуге міндетті.

11- бап.

Дәрігер және емделушінің емделуге келісім беру немесе одан бас тарту құқығы.

Емделушінің медициналық көмек алуға ақпараттандырылған, саналы және ерікті келісімі тосыннан болған жәйт емес, тиімді терапевттік қызметтестік қорытындысы болып саналады.

Дәрігердің іс әрекеті өз ісіне жауапкершілікті болып емделуші санасына сезілуі қажет. Есі дұрыс емделушіге медициналық көмек көрсетуден бас тарту дәрігер мен емделуші арасында терапевттік қызметтестіктің болмау қорытындысы болып саналады, дәрігердің ар-ұятында байланысты.

Медициналық көмектен немесе оның жеке бір түрлерінен емделушінің ерікті түрде бас тартуы, сондай ақ келісім беруі саналы болуы қажет.

Емделушінің келісімісіз ешқандай медициналық аралас жұмыстар жүргізілуі мүмкін емес, төмендегі жағдайлардан басқа:

- ауыр дене күші немесе психикалық жағдайының ауырлығы емделушіге саналы шешім қабылдауға мүмкіндік бермегенде;

- емделуші айналасындағыларға қауіп тудыруы мүмкін болған жағдайда. Бұндай жағдайда дәрігермен еріксіз шаралар қолдану қажет және әдепке саналады.

Егер дәрігерге мәжбүри тексеру немесе емдеу істерін асыру жүктелген жағдайда ол бұл шараларды қатаң түрде заң талабына сәйкес жүзеге асыра алады. Егер емдеуге медициналық көрсеткіш табылмаған жағдайда дәрігер мәжбүрлеу шарасын арқылы емдеу әрекеттерін орындауға құқығы жоқ. Өзінің бас тартқан себебі туралы мәжбүри емдеу туралы шешім қабылдайтын органға хабарлауға міндетті.

12 – бап.

Дәрігер және дәрігер құпиясын сақтау бойынша емделуші құқығы.

Емделуші дәрігердің барлық медициналық және оған сеніп тапсырылған жеке ақпаратын құпия сақтайтынына сенімді болуға құқықты. Дәрігер емделушінің немесе оның заңды өкілінің рұқсатысыз тексеру және емдеу барысындағы мәліметтерді, медициналық көмекке жүгіну дерегін қоса, жариялауға құқығы жоқ. Дәрігер медициналық құпияның жария болуына кедергі болатын шаралар қабылдауы қажет. Емделуші өлімі медициналық құпияны сақтау міндетінен құтқармайды.

Құпияны жариялау медициналық ақпараттарды ұсыну немесе тапсыру жағдайлары болып табылады:

- кәсіптік кеңес беру мақсатында;

- ғылыми тексерулер жүргізу, емдеу – оңалтыру бағдарламасының тиімділігін бағалау, медициналық көмек және оқу барысының сапасын сараптау мақсатында.

- емделушінің өзіне немесе айналасындағыларға нақты залал келтіруінің алдын алу мүмкіндігі дәрігерде болмаған жағдайда.

- сот шешімі бойынша.

Егер қолданыстағы заңнама басқа жағдайларда медициналық құпияларды жариялау қажеттігі қарастырса, дәрігер әдептілік жауапкершілігінен босатылады. Барлық аталған жағдайлар бойынша дәрігер ақпараттың ашылмай қалмауы, мүмкіндігі барынша осыған келісім алуы туралы емделушіні ақпараттандырады.

13- бап.

Дәрігер және дәрігерді еркін таңдау бойынша емделуші құқығы.

Дәрігер емделушінің әрі қарай басқа дәрігерге емделу шешіміне кедергі болуы құқықсыз.

Өзін өзі жарнамалау кез келген формада дәрігерлік этикада үйлеспейді.

1. 1. Әріптестері және басқа медициналық қызметкермен қарым қатынасы.

14- бап.

Дәрігер медицина қауымының абыройы мен игі дәстүрлерін қолдауға міндетті.

Дәрігер өмір бойы оны кәсіби шеберлікке үйреткен адамға деген құрмет пен ризашылығын сақтап өтуге міндетті.

Дәрігердәрігерлік қауымдастықтың консолидациясы үшін дәрігерлік ассоциация жұмыстарына белсенді қатысуға, өзінің жекесіндей әріптестерінің абыройы мен игілігін қорғауға, дәрігерлер ассоциациясында кінәланған диагностикалық және емдеу әдістерін пайдаланбауы қажет.

Бір қатар дәрігер қауымдастығында тазалық сақтау, өз әріптестерінің қателіктерін әділ талдауға, әріптестерінің абыройсыз және біліксіз тәжірибелеріне, сондай ақ емделушінің денсаулығына зиян келтіретін түрлі кәсіби еместерге белсенді кедергі келтіру дәрігердің моралдық міндеті болып саналады.

15 – бап.

Әріптестерінің өзіне қандай қарым қатынаста болғанын қаласа дәрігер әріптестерімен сондай қарым қатынаста болуы қажет.

Әріптестері арасында дәрігер адал, әділ, мейірімді, тәртіпті болуға міндетті, олардың білімі мен тәжірибесіне құрметпен қарап, оларға тәжірибе мен білім беруге дайын болуы қажет.

Басшының басқа дәрігерлер және қызметкерлермен моралдық құқығы әкімшілік орын ғана бермей жоғары кәсіптік және адамгершілік біліктілік деңгейін береді.

Әріптестері атына келтірілген сын дәлелді және қорлаушы болмауы тиіс. Сын кәсіптік әрекеттерге беріледі, әріптестердің жеке аттарына емес.

Әріптестердің дискредитациясы арқылы жеке абыройды нығайту әрекеті мүмкін емес. Дәрігер өзінің әріптестері және олардың туысқандары туралы жағымсыз сөз сөйлеугет ақысы жоқ.

Дәрігер емделушілерді өз әріптестерінен қызықтырып алып қоя алмайды. Өз әріптестері мен оның жақын туған туысқандарына тегін медициналық көмек ұсыну әдептілік пен адамгершілікке жатады.